# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**
2022.08.11 10:47

**Регистрационный номер**
20588

**Дата обновления паспорта ОП**:
2022.08.11 10:48

**Код и наименование специальности**:
01140700 Информатика

**Код и наименование квалификации/квалификаций**:
4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі

**Регион**:
Қызылорда облысы

**Организация ТиППО (Разработчик)**:

" М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі" КМҚК

**Партнеры-разработчики**:
" Ұлағат білім ордасы" мектебі жеке жалпы білім беру мекемесі

**Цель ОП**:
Жаңартылған білім мазмұны бойынша информатиканы оқытуда білім алушылардың қажеттіліктері мен нарықтағы сұраныстарды ескере отырып, заманауи ақпараттық технологияларды қолдануын әдістемелік қамтамасыз ету , әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту, ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу әдістерін қолдана алатын, білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл тәсілдерін меңгерген кәсіби құзыретті маман даярлау

**Уровень по НРК**:
4

**Уровень по ОРК**:
4

**Профессиональный стандарт (при наличии)**:
" Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы 08.06.2017 ж. №133 бұйрығының қосымшасы

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии)**:
жоқ

**Форма обучения**:
күндізгі

**База образования**:

негізгі орта білім

**Язык обучения**:
мемлекеттік

**Общий объем кредитов**:
240

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**
28.03.2022 ж

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
№KZ67LAA00011120

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
020

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**
10.06.2019 ж

**Отличительные особенности ОП**:
-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин**:

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 1. Математика | Функцияны зерттеу және графигін салу үшін функция ұғымы, функция түрлері туралы түсініктерін сипаттап,алгебралық өрнектерді түрлендіре отырып, «Алмастырулар», «орналастырулар», «терулер» ұғымдарын ажырату, комбинация түрлерін анықтай отырып, білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамытады. | 4/96 |
| | ЖБП 2. Информатика | Бұлтты технологияны қолдану,дизайн теориясын білу,сайт құрастырушысында Веб-жобалау жасау, 3 D – модельдеуде жұмыс жасау, Blockchain технологиясын және Startup түсінігін және Crowdfunding платформасының жұмыс жасау қағидаларын сипаттау мәселелері қаралады. | 4/96 |
| | ЖБП 3. Қазақ тілі | Лексикалық құрылымдарды | 4/96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | қолданып, орфографиялық нормаға сай көтерілген мәселелер бойынша эссе жазу,оқылым және тыңдалымматериалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу,әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдар арқылы шығармашылықжұмыстар,әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркемәдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсаттыаудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдау жұмыстары зерттеледі. | |
| | ЖБП 4. Қазақ әдебиеті | Әдеби шығарманың жанрлық табиғатына талдау жасау, ұлттық құндылықтардың маңыздылығынконтекстермен үндестіре отырып, шығармашылықжұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарғашығарма) жазу арқылы бағалау дағдыларын қалыптастырады. | 4/96 |
| | ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті | Туризм, Қазақстан экотуризмі, өнер және әдебиет, жер планетасы, теңіздер, адам мен қоғам өміріндегі еңбектің алатын орны тақырыптар бойынша көркемдік шығармаларды зерттей отырып, шығарма-шылық жұмыс орындау (эссе,жоба), мазмұнын түсіну және практикалық тапсырмалар әзірлеу арқылы сыни тұрғыдан ойлайтын оқырманды тәрбиелейді, шығарманың әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілерін ескере отырып, идеялық және көркемдік мазмұнын талдай білуді үйретеді. | 4/96 |
| | ЖБП 6. Шетел тілі | Жалпы және оқу бағдарламасының | 3/72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | тақырыптары бойынша ақпараттар арқылы сөйлеу және тыңдау дағдыларын қалыптастыру, кең ауқым бойынша сөйлеуде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану, шет тіліндегі сөз әрекетін мәдениет аралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгертіп, нәтижесінде көптілдік және көптүрлі мәдениетті түсінетін тұлғаны қалыптастырады. | |
| | ЖБП 7. Қазақстан тарихы | Әлемдік өркениеттегі Орталық Азия, ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін бағалау, Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер,этникалық процестердің сабақтастығын зерттеу, Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшелігі,қазақ хандығының құрылуы,қазақ халқының материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктерін талдау мәселелері зерттеледі. | 3/72 |
| | ЖБП 8. Өзін-өзі тану | Адамның білімге және шығармашылыққа деген құштарлығын негіздеп,жеке құндылықтаржүйесін анықтайды,жалпыадамзаттық құндылықтарарасындағы рухани байланысты аша отырып, өзін-өзі бағалауға мүмкіндің береді. | 2/48 |
| | ЖБП 9. Дене тәрбиесі | Дене тәрбиесіндегі қауіпсіздік техникасын және салауатты өмір салтын сақтау қажеттілігін білу,дене тәрбиесі сабақтарында жеңіл атлетиканың қауіпсіздік ережелерін білу,орта және ұзақ қашықтыққа жүгірудегі жеке техникалық және тактикалық дайындықты меңгере отырып, дене қабілеттерінің дамуына ықпал жасайды. | 7/168 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | Алғашқы әскери және технологиялық  дайындық пәнін ұйымдастырудағы құқықтық негіздер және   алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мақсаты мен міндеттерін ,ұлттың қауіпсіздігіне төнетін қауіпті факторларды, әскери ант, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері рәміздері мен жарғыларының жалпы негіздері мен  құқықтық ережелерін білу арқылы жауынгерлік дағдыларын қалыптастыру. | 4/96 |
| | ЖБП 11. Биология | Бейорганикалық және органикалық заттардыңтіршілікке маңыздылығы мен қызметін бағалау арқылы органикалық заттарды анықтау бойынша тәжірибелер жүргізу. Мембрананың жартылайөткізгіштігін зерттеу, эукариот және прокариотжасушаларын салыстыру, өсімдіктердің қоректену процесінің ерекшеліктері бойынша тәжірибе жоспарлау, нәтижелерін жазу, қорытынды жасау. Ферменттердің белсенділігіне әртүрлі факторлардың әсерін анықтап.заттардың тасымалдануының әртүрлі түрін жүйелеу арқылы әртүрлі заттардың тасымалдау түрлерінің механизмін түсіндіру. Адамның қанын тазарту кезіндегі бүйрек қызметін талдау,тірі организмдердің көбеюі мен дамуындағы жасуша циклінің маңызын анықтау, эволюция теориясының негізгі қағидаларын білу,көлденең жолақты бұлшықеттердің ультрақұрылымын микросуреттердетүсіндіруді үйренеді. | 6/144 |
| | ЖБП 12. Дүниежүзі тарихы | Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзараәрекеттесуі, әлем өркениеттері мен діндердің даму | 6/144 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | тарихын, ерекшеліктерін сараптау арқылы адамзат тарихындағы жаулап алушылық жорықтар, отаршыл экспансия және жаһандық мәселелердің себептерін, байланысын бағалау, антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау,Антика дәуіріндегі империялардың, арабшапқыншылықтары мен крест жорықтарыныңжәне моңғол шапқыншылығының себептері мен салдарын салыстыру арқылы пікір білдіруді үйренеді. | |
| | ЖБП 13. Физика | Денелердің массасын және әсер етуші күштерінескермей, олардың қозғалыс заңдылықтарынжәне денеге әсер ететін күштердің әсеріненболатын қозғалысты түсіндіру,толық механикалықэнергиямен импульстің сақталу заңдары кез келгенөлшемді тұйық жүйедегі денелерге(микроәлембөлшектерінен бастап ғарыш денелеріне дейін) қатысты орындалуын білу және термодинамикалық параметрлерді өзара байланыстыратын теңдеуді сипаттау мен электр тогын сипаттайтын шамалар туралы заңдарды біледі. | 3/72 |
| | ЖБП 14. Химия | Атом құрылымының қазіргі теориясын және зат пен атом бөлшектерінің маңызды сипаттамасын және табиғаттағы радиоактивтіліктің және радиоактивті изотоптардың ыдырауының себебін түсіндіру, электрон орбитальдарын толтыру үшін минимальді энергия принципі, Паули принципі, Хунд ережесін, Клечовскидің ережесін | 3/72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | қолдану,химиялық элементтердің периодтық заңы мен периодтық жүйесін Заңның графикалық бейнесі ретінде білу мәселелері қаралады. | |
| | БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салтын қағидаттарын сақтау. | 8/192 |
| | | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. | 7/168 |
| | БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. | 2/48 |
| | | ОН 2.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру, ақпараттық-анықтамалық және интереактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану. | 1/24 |
| | БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. | 1/24 |
| | | ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. | 1/24 |
| | | ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау. | 1/24 |
| | БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар | ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды | 1/24 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | негіздерін қолдану | түсіну. | |
| | | ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну. | 2/48 |
| | | ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру. | 2/48 |
| | | ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі ұғымдарын меңгеру. | 2/48 |
| | КМ 1. Оқу ақпаратын тарату | ОН 1.1. Білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарына оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу. | 6/144 |
| | | ОН 1.2. Арнайы саладағы біліммен интеграцияда дидактикалық білімді қолдана отырып, стандартты оқу сабақтарын өткізу. | 6/144 |
| | | ОН 1.3. Информатиканы дамыту процесінде оқушылардың әр түрлі іс - әрекеттерін ұйымдастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. | 3/72 |
| | | ОН 1.4. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың жағдайының психологиялық жағдайларын сипаттау. | 3/72 |
| | КМ 2. Білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту | ОН 2.1. Педагогикалық әдепті, педагогикалық әдеп ережелерін сақтау. | 3/72 |
| | | ОН 2.2. Жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларына адалдық таныту. | 4/96 |
| | | ОН 2.3. Білім алушылардың мәдени және тілдік қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы білім беру ортасын дамытуға ықпал ету,білім алушылардың мәдени және тілдік қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін қолайлы білім беру ортасын дамытуға ықпал ету. | 7/168 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | ОН 2.4. Кәсіби қызметте тиімді психологиялық-педагогикалық, оның ішінде инклюзивті технологияларды пайдалану. | 3/72 |
| | | ОН 2.5. Жазғы сауықтыру лагерлерінде әртүрлі жастағы балалармен жұмыс жасауда балалар ұжымдарының қызметін ұйымдастырудың әртүрлі нысандары мен әдістерін, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін қолдану. | 6/144 |
| | КМ 3. Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру | ОН 3.1. Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру. | 3/72 |
| | | ОН 3.2. Оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін, оқыту стратегияларын қолдану. | 6/144 |
| | | ОН 3.3. Берілген оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын әзірлеу. | 3/72 |
| | | ОН 3.4. Алгоритмді жүзеге асыру үшін заманауи құралдар мен бағдарламалау технологияларын қолдану. | 7/168 |
| | | ОН 3.5. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында информатика сабақтарында педагогикалық және ұйымдастырушылық міндеттерді шешуде психологиялық - педагогикалық білімді қолдану. | 6/144 |
| | КМ 4. Білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау | ОН 4.1. Білім беру ортасына зерттеулер жүргізу. | 7/168 |
| | | ОН 4.2. Мониторингтік зерттеулер. | 4/96 |
| | | ОН 4.3. Педагогикалық процесті ұйымдастыруды жобалау және жүзеге асыру. | 7/168 |
| | | ОН 4.4. Математиканың қолданбалы есептерін шешудің әдістерін таңдау. | 7/168 |
| | КМ 5. Ақпаратты жинау, | ОН 5.1. Ақпаратты жинау,сақтау | 10/240 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | сақтау және өңдеу әдістерін, интернетте ақпаратты іздеу әдістерін қолдану | және өңдеу әдістерін қолдану. | |
| | | ОН 5.2. Бағдарламалық жасақтаманың әр компонентінің сипаттамасын анықтау. | 4/96 |
| | | ОН 5.3. Мамандандырылған бағдарламалық құралдар арқылы, қателерді бақылау арқылы инфрақұрылым компоненттерінің жұмысын бағалау және бақылау. | 7/168 |
| | | ОН 5.4. Дерекқордың жұмыс істеуін мониторингілеудің негізгі құралдары мен әдістерін меңгеру. | 7/168 |
| | КМ 6. Кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл тәсілдерін меңгеру | ОН 6.1. Білім алушыларды қосымша білім беру жүйесіне тарту. | 3/72 |
| | | ОН 6.2. Оқу-тәрбие процесіне кәсіби қоғамдастықтардың өкілдерін тарту. | 6/144 |
| | | ОН 6.3. Педагогикалық практика кезінде оқу іс-әрекетінің біртұтас түрлерін қалыптастыру үшін білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану. | 13/312 |
| | Аралық, қорытынды аттестаттау | - | 12/288 |